



Жалағаш жаршысы



«zhalaqash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігіміз



Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Егінжай – 2025

Аламесектегі алғашқы орақ

Аламесектегі егіс алқабында қайнаған жұмыс, бір қызығы, атыз басында ақсақалдар да жүр. Механизатор Рахымжан Қайырманов бітік шыққан өнімге астындағы сужаңа комбайнын салуға әзір тұр. Төрағаның да жүзінде ерекше шырай бар, соған қарағанда ауылдағы ағайынның биыл да қырманы астыққа толатын сияқты. Бұлай болжауымызға да себеп жоқ емес, өйткені атыздағы алтын дәnniң шығымына көз сүйсінеді.



Иә, Есет батыр ауылында қыркүйек басталысымен «Жаңарық» шаруа қожалығы алғашқылардың бірі болып күрішке орақ салды. Төраға Ғалымжан Қайырманов қай істі қолға алса да алдымен ақсақалдардың батасын алуды дәстүрге айналдырған. Биыл да осы тузу жолдан жаңылмай, ардагерлерді атыз басына алдырып отыр. Ауылдағы ағайынның қуанышына ортақтасуға Аламесектің әкімі Дәулеткерей Тәжібаев та келген. Ауыл әкімі алдымен биыл ауыл шаруашылығы саласы бойынша атқарылған жұмыстарды кеңінен тарақтып, «Жаңарық» шаруа қожалығының салада әр жылды табысты қорытындылап келе жатқанын жеткізді.

– Аламесек ауылдық округі – өзде-ріңіз білетіндей, аймақтағы тарихы терең елді мекеннің бірі. Жергілікті жұрт мал шаруашылығында да, егін шаруашылығында да нәтижелі еңбек етуде. Әсіресе соңғы жылдары жергілікті шаруашылықтар егін саласында өткен еңбектің нәтижесін көріп келеді. Шүкір, ауылдағы шаруашылықтар жыл сайын саланы жоғары табыспен қорытындылауда. Солардың қатарында «Жаңарық» шаруа қожалығы да бар. Бүгін аталған шаруашылық күрішке орақ салғалы отыр. Өнімнің шығымы бөтен емес, соған қарап, биыл да шаруашылық саланы табыспен қорытындылайды деп ойлаймын. Мұның бәрі – үлкен еңбектің жемісі. Биыл да қырмандарының астыққа толып, табысқа көнеліңіздер. Ақсақалдардың батасы қабыл болсын, шаруашылықтың көкжиегі кеңейіп, әр жылда мол өнім алудан рекорд жаңартыңыздар, – деді ауыл әкімі.

Айта кетейік, «Жаңарық» шаруа қожалығы 2002 жылы Қайырмановтар отбасы құрған. Алғашында 91 гектар

жермен жұмысын бастаған шаруашылықтың бүгінде 173 гектар егіс алқабы бар. Биыл оның 30 гектарына күріш егілді. Сұрпын сұрасаңыз, «Маршал». Төраға Ғалымжан Қайырмановтың биыл бұл сұрпыты егіп жатқанына екі жыл болды. Сөзінше, пісіп-жетілу уақыты мен күттімі де айтарлықтай қиын емес. Оның үстіне соңғы жылдары «Лидер» тұқымы көп ауруға ұшыраған. Сондықтан былтырдан бері шаруашылық өнімнің осы сұрпына ауысып отыр.

Егіс басында жүрген диқан Қалдыбек Жаңашовты да әңгімеге тарттық. Оның «Жаңарықта» күріш егіп келе жатқанына 5-6 жылдай уақыт болыпты. Алқаптағы өнімнің шығымы диқанның ала жаздай тынбай еңбек еткенін аңғартып тұр. Былтыр гектарынан 65 центнерден өнім алған даңғайыр диқандардың ізбасары биыл да мол астықпен саланы қорытындылайтын сияқты.

– Былтыр да өнімнің шығымы жаман болған жоқ, биыл одан да жақсы. Көз көлген өнімнің күтімін жасамасаң, мол табысқа көнелу қиын. Сондықтан жаздай тер төктік, су тапшылығына қарамастан мол өнім алуға жұмыс жасадық.

Бүгін бастап орақ түскелі отыр, бұйырса, мол астық жинаймыз. Осыған дейін «Лидер» ектім. Күріштің жаңа сұрпын егіп келе жатқаным биыл екінші жыл. Көп іздендік, өйткені дала жұмысы да үлкен ізденісті қажет етеді. Бұрын Сыр салысының дәл осы сұрпын еккен шаруашылық агрономдарымен тәжірибе алмастық. Шүкір, биыл екінші жыл қатарынан соның жемісін көріп келеміз, – дейді диқан Қалдыбек Жаңашов.

Шаруашылық бүгінде 12 адамды жұмыспен қамтып отыр. Олардың жалақыға қатысты мәселесі жоқ, оның үстіне жыл сайын Ғалымжан Қайырманов еңбекте озат дала дарабоздарына арнайы қаржылай сыйақы да үлестіріп келеді.

«Жаңарық» шаруа қожалығының Сыр салысынан бөлек жоңышқалық атызы тағы бар. Мәселен, биыл 143 гектар ескі жоңышқадан да мол өнім алыпты. Төраға ротация тәртібін қатаң сақтайтынын айтады. Себебі су тапшылығы үлкен мәселе болған шақта егінді әртараптандыру, ротация тәртібін сақтау аса маңызға ие екенін айтады.

– Ағн саласы сыртынан қараған жанға оңай көрінуі мүмкін, оның қызығы

мен қиыншылығын тек егін еккен адам түсінеді. Басқа да өнімдерді былай қойғанда, күріштің өзіне үлкен күтім қажет. Оны жерге сепкеннен көңігі бала сияқты қырыққан шығарсыз, суын ауыстырасыз, жерге дән түсемін дегенше егістікті бірнеше өңдеуден өткізесіз, оның тыңайтқыштары тағы бар және әрқайсысының өзінің уақыты бар. Соның бірінен жаңылсаңыз, өнім саласына тікелей әсер етеді. Сондықтан біз ондайға жол бермеуге тырысамыз. Шаруашылықтағы мамандардың барлығы тәжірибелі, олар жас мамандармен сол тәжірибесін бөлісіп отырады. Биыл да егіннің шығымы жаман емес, бүгін орақ түскелі отыр. Бұйырса, алқаптағы өнімді жауын-шашынға қалдырмай жинап алуды жоспарлап отырмыз, – дейді Ғалымжан Қайырманов.

Атыз басында бас қосқан ағайын еңбек ұжымының алдағы жұмысына сәттілік тіледі. Ауыл ардагері Қаһарман Кемелов бата беріп, егінге орақ та түсті. Жұрт егіс басында жайылған дастарханан дәм татып, құран бағыштады.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Ел жаңалықтары

Қазақстанда су шаруашылығы саласының мамандарына төленетін жалақы өседі. Бұл өзгерістер «Табиғи монополиялар туралы» заңға енгізілген түзетулер негізінде жүзеге аспақ. Қазір Су ресурстары және ирригация министрлігі мен Ұлттық экономика министрлігі заңды іске асыру үшін қажетті нормативтік-құқықтық құжаттарды бекіту жұмыстарын атқаруда.

25 мыңнан астам

қызметкердің жалақысы өседі



Министрліктің хабарлауынша, жаңа ереже бойынша ел көлемінде сумен жабдықтау және су бұру қызметінде еңбек ететін 25 мыңнан аса қызметкердің еңбекақысы көтеріледі. Орта есеппен бұл өсім аймақтық ерекшеліктерге қарай 35-50 пайыз шамасында болады.

Сала министрі Нұржан Нұржігітов министрлік мамандардың мәртебесін арттыру мен жұмыс жағдайын жақсартуды басты назарда ұстап отырғанын айтады.

– Министрлік су шаруашылығы саласы мамандарының мәртебесін көтеру мен еңбек жағдайын жақсартуға ерекше мән береді. Мысалы, биыл «Қазсуардың» барлық 425 маусымдық жұмысшысы тұрақты жұмыспен қамтылды. Сондай-ақ су мамандарының біліктілігін арттыру бойынша ауқымды жұмыс жүргізіліп жатыр, оның ішінде шет елдерде де оқыту қарастырылған. Қабылданған барлық шара республикадағы су қауіпсіздігін қамтамасыз етуде еңбек етіп жүрген азаматтардың мәртебесін көтеруде елеулі прогреске қол жеткізуге мүмкіндік берді, – деді Нұржан Нұржігітов.

«ЖЖ» ақпарат

Ауыл жұрты әкімін сайлады

Жексенбі, таңғы сағат 06:50. Редакцияның тілшілер тобы Мәдениет ауылындағы клубтың алдында тұрмыз. Себебі бүгін мұндағы жергілікті халық үшін маңызды күн. Ауыл тұрғындары сайлауға түсіп жатқан 3 үміткердің біреуін ауыл әкімі етіп сайламақ. Осы ретте біз де саяси науқанға арнайы қатысып, ауыл тұрғындарымен бірге болуды жөн көрдік.

Жоғарыда айтып өткенімдей, бүгінгі сайлауға 3 үміткер нақтыланған. Барлығы мемлекеттік қызметте тәжірибесі бар білікті маман. Бүгінге дейін ауыл тұрғындары аудандық газет арқылы үміткерлердің өмірбаяны мен 4 жылдық сайлауалды бағдарламасына толық қарапты. Олардың әрқайсысы ел игілігі үшін еңбек етіп, ауылда жарқын жобаларды жүзеге асыруға ниетті еткен.

Сағат тілі 7:00-ді көрсеткенде ауылдық клубтағы №144 сайлау учаскесінде мемлекеттік әнұранымыз шырықалып, учаскелік сайлау комиссиялары мүшелерінің, БАҚ өкілдерінің, байқаушылардың және сенім білдірген адамдардың қатысуымен сайлау туралы заңның талаптарына сай сайлау учаскесі ресми түрде ашылды. Таң сәрімен ерте келіп өз таңдауымыз жасаймын деген тұрғындардың қатары қапын. Осыдан-ақ жергілікті тұрғындардың ауыл болашағына жауапкершілікпен қарайтынын аңғардық.

Тұрғындар
белсенділік танытты

Сайлау учаскесі ашыла салысымен алғашқы болып ауыл тұрғыны Жетібай Әлжанов өз таңдауын жасады. Саяси науқанның жоғары деңгейде өтуіне сенім білдірген ол

батасын беріп, мұндай маңызды шараларда жастарға үлгі болуды өзіне парыз еткенін айтты. Ол ауыл тізгінін қай азамат ұстаса да елді мекен өңсесін тіктейтін, елдің қамы үшін өрінбей еңбек ететін азамат болса дейді.

Мұнан кейін Отанбек Жамалатов та таңмен таңмен таласып сайлауға ерте келді. Қарт сайлаушы әр азамат ел ертеңі, береке-бірлігі мен ауыл тұрғындарының бейқам өмірі үшін дауыс беруге келу керектігін жеткізді.

– Ауылдың болашағы бөрінен маңызды. Тыныс-тіршілігіміз, ауыл азаматтарының жасап жатқан жұмыстарының бәрі жақсы. Алдағы уақытта да осы бағытымыздан таймай, ауылымыз көркейе береді деп сенемін. Сондықтан бүгінгі саяси науқаннан шет қалмай өз таңдауымызды жасауға келдім. Барлығыңызды ауылдың болашағына бейжай қарамай, сайлаудың жоғары деңгейде өтуіне атсалысады деп сенемін, – дейді ол.

Таң сәрімен сайлауға ерте келген қарт сайлаушыларға арнайы сыйлықтар табысталып, сайлау учаскесінде орналасқан арнайы фотозонаға естелік суретке түсті. Сондай-ақ қазақтың игі дәстүрі бойынша сайлау учаскесінің төрағасы ақ батасын берген ақсақалға шапаң жауып, ризашылығын білдірді.



Айта кетейік, ауыл бойынша жалпы дауыс берушілер саны – 1038. Оның ішінде қарттар саны 35 болса, үйден дауыс берушілер саны – 17. Сондай-ақ алғаш рет дауыс бергелі тұрған, яғни 18 жасқа толған жасөспірімдер саны – 5.

Ұлағатты ұстаздар
өз таңдауын жасады

Ауылдағы алтын ұя ұжымы да саяси науқаннан тыс қалмай, өз таңдауларын жасады. Бір мезетте келіп, бірліктің үлгісін көрсеткен ұжым мүшелері ауыл болашағы үшін алаңдайтындырлар жасырмады. Талай шәкірттің талабын ұштап, талаптың шындаған ұстаздар мұндай маңызды шарадан шет қалмай, белсенді болу

арқылы жастарға үлгі болуда.

Мәдениет үйінде орналасқан сайлау учаскесінде жұмыс жүйелі жүргізілуде. Бірі дауыс беру үшін бюллетень толтырса, енді бірі арнайы орынға кіріп, өз таңдауын жасап, ортадағы жәшікке бюллетенін салуда.

Сағат 9-дан енді ғана асты. Сайлау учаскесі төрағасының сөзіне сүйенсек, осы уақытқа дейін 150-ден аса тұрғын өз таңдауын жасап үлгерген.

Бір кезде есік жатқан «Анашым, бұл жерде не болып жатыр, біз не істейміз, үйге қашан қайтамыз?» деп анасын сұрақтың астына алып келе жатқан кішкентай әкі батыр балалыдай көзіміз шалды. Балаларына бүгін ауыл болашағы үшін маңызды

саяси науқан болып жатқанын, әр тұрғынның дауысы маңызды екенін түсіндірген көпбалалы ана Мәншүк Ержанова екен. Ол үйдегі бар тірлігін ысырып, екі жағына екі баласы мен құшағына құнтақтағы кішкентай нәрестесін көтеріп, бүгінгі науқаннан қалыс қалмай, өз үлесін қосуға келді.

Тыл ардагері, қазыналы қартымыз Гүлсім Ибраева да өз таңдауын жасады. Қарт сайлаушы ауылдың жарқын болашағы үшін дауыс беріп, халықтың сенім үдесінен шыға алатын өкімді жаңылмай таңдау керектігін айтты. Мұнан бөлек сайлау учаскесінен жастар жағы да төбе көрсетті. Ауылдағы ең жас сайлаушы Думан Қадырбек жастарды саяси науқанда белсенділік танытуға шақырды.

– Осы ауылдың азаматы ретінде сайлауға келдім. Бүгін – ауылымыздың келешегі үшін маңызды күн. Ауылымыздың бірлігі мығым, болашағы жарқын болсын. Туған жер түлеп, ауылымыз дамыса, алға басамыз, – деді ол.

Жалпы жергілікті жұрт маңызды саяси науқанда белсенділік танытып, ауызбіршіліктің үлгісін көрсетті. Туған жердің келешегі жергілікті халықты толандырмай қоймайтын таңсәріден келген халықтың көптігін аңғардық. Таңғы сағат 7:00-де басталған сайлау көшкі 20:00-ге дейін жалғасып, нәтижесінде көпшіліктің таңдауымен Мәдениет ауылдық округінің әкімі Ардақ Оразбаев болды.

Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ



Салтанатты шара

Мектебім – мейірім мекені

Бірінші қыркүйек, білім күні қарсаңында оқушылардың барлығы алтын ұясына асыққан күн. Аудандағы барлық білім ордасында 2025-2026 жаңа оқу жылының басталуына арналған «Мектебім – мейірім мекені!» атты салтанатты шара өтуде. Алғашқы қоңырау үні сыңғырлап, шәкірттер алтын ұя мектебіне қайта оралды. Әсіресе мектеп табалдырығын алғаш аттаған бүлдіршіндер үшін бұл күн жүрек толқытар, мәңгі есте қалар сәттердің бірі болды.

Дәл осындай шара аудан орталығындағы Зейнолла Жарқынбаев атындағы №202 орта мектеп алдында да жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Салтанатты шараға аудан әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменов, ардагер ұстаздар мен ата-аналар арнайы қатысып, мұғалімдер мен оқушыларды жаңа оқу жылының басталуымен құттықтады.

– Қазір білімдінің заманы екенін жақсы білесіздер, мемлекет тарапынан да бұл саланы дамытуға қаржыны қолдаудың бәсекедемегені де сондықтан. Алдыңғы аға буын өзде-ріңіз секілді жастарға, оқушыларға үлкен сенім артады. Оқуда озат болып, ұстаздар мен ата-ана үмітін ақтау – басты міндет. Сіздерді сол сенім үдесінен шығайды деп сенемін. Зейнолла Жарқынбаев атындағы алтын ұядан бұған дейін озат оқушылар түлеп ұшты. Олардың алды бүгінде елдің дамуына қажырлы еңбек етуде. Сіздерге сол аға-апаларының жолын берсін. Бүгінгі білім күнімен барша ұстаздарды, ата-аналар мен оқушыларды құттықтаймын. Білім ошағынан білімділер досдасынан топ жаратын талай санпақтар шығаратынына сенемін. Бәсекеге қабілетті ұрпақ қалыптастырудағы ұлағатты ұстаздардың еңбегіне табыс тілеймін, – деді аудан әкімінің орынбасары.

Айта кетейік, биыл ауданда 450 түлек мектеп бітірсе, оның 16-сы «Алтын белгі», 48-і «Үздік аттестат» иегері атанды. Жалпы 388 оқушы ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысып, аудан бойынша орташа балл 84,1-ді құрады.

Ұлттық бірыңғай тестілеу бойынша аудан үздіктер қатарынан көрініп, бітірушілердің грантты иеленуі бойынша алдыңғы орында тұр. Сонымен қатар білім мекемелерінің материалдық-техникалық базасы стандарттарға сай



жабдықталған. Биыл бұл мақсатқа 262,8 млн теңге бөлініп, №32, №201, №38, №31, №122, №202 мектептерде жөндеу және қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілді. Бүгінде аудан мектептерінің барлығы интернет желісіне қосылып, компьютерлік техника паркі толық жаңартылған.

Жалпы жаңа оқу жылында 6875 оқушы 430 сынып жиынтығында білім алады. Сондай-ақ 1 сыныпқа 662 бүлдіршін қабылданып, білім жолындағы алғашқы қадамын жасауда.

Шарада ата-аналар да ұстаздар мен оқушыларды жаңа оқу жылының басталуымен құттықтап, бүгінгі балалардың ертеңіне үлкен сеніммен қарайтынын жеткізді. Олардың қатарында ардагер-журналист Серік Бертаев ағамыз да бар. Қарымды қаламгер мектеп табалдырығын аттаған бүлдіршіндерге арнаған өлеңін оқып, балаларға ақыл-кеңесін айтты.

– Білім бар жерде өрлеу болады, даму болады. Сондықтан бүгінгі балаларға «оқы, оқы және оқы» дегеннен артық ештеңе айта алмаймын. Оқу керек, көп іздену керек. Расында, қазір білімдінің заманы. Жаңа Ғани ағаларың айтқандай, бұл мектептен тәлім азаматтар түлеп ұшты. Сіздер соларды өздеріне бағдаршам санап, тек оқуда озат болулары керек. Мен оқудың маңызын неге айтып отырмын? Өйткені елдің болашағы – ертеңгі білімді жастардың қолында. Бүгінгі балалар ертең бәсекеге қабілетті болып қалыптасса, еліміздің келешегі де кемел болары сөзсіз. Осы тұрғыда біз сендерге үлкен сеніммен қараймыз.

Болашақтарыңнан үлкен үміт күтеміз. Ал сол сенімді ақтау – сіздерге міндет. Әлбетте, ол үшін тағы да оқуда озат болып, білімді болуға талпыну керек. Сонда ғана мемлекеттің болашағы жарқын болары анық, – деді Серік Бертаев.

Иә, Дәуімбай елді мекеніндегі №202 орта мектеп – ауданның білім саласында серпін қалыптастыруда өзіндік орны бар іргелі оқу орнының бірі. Мұнда балаларға берілетін білім сапасын арттыруға басымдық берілген. Бұл сөзімізді жыл сайын түлектердің ҰБТ-да жоғары нәтиже көрсетуі, оқушылардың білім бейгелерінде топ жаруы куәтайды. Өткен оқу жылын да мектеп жұмысы жоғары нәтижемен қорытындылады. Былтыр аталған алтын ұяда 746 оқушы білім алған. Оның 69-ы мектеп табалдырығын алғаш аттады.

Биыл білім ошағын 44 оқушы төмамдаған. Оның бірі «Алтын белгіге» ие болса, 3-еуі «Үздік аттестатқа» лайық деп танылды. 33 түлек ҰБТ-ға қатысты. Ұлттық бірыңғай тестілеудің нәтижесіне келсек, орташа балл 71,1-ді құрады. 19 түлек еліміздегі маңдайалды жоғары оқу орындарында мемлекеттік грантпен білім алу мүмкіндігіне ие болды. Тіпті түлектердің алды шетелде білім алуға мүмкіндік алды. Жалпы биыл бітірген түлектер 100 пайыз оқуға түсті.

Жаңа оқу жылында Зейнолла Жарқынбаев атындағы орта мектепте 742 оқушы білім алуға. Биыл 77 оқушы алғаш мектеп табалдырығын аттаған. Келер жылы білім ошағын 47 оқушы

төмамдайды. Олар ұлттық бірыңғай тестілеуге дайындықты 2 жыл бұрын бастаған. Жалпы дайындықты ерте бастау мұнда дәстүрге айналған. Жыл сайын түлектердің ұлттық бірыңғай тестілеуде жоғары нәтиже көрсетуін біз сонымен байланыстырдық.

– Жаңа оқу жылына дайындықты ерте бастадық, алдын ала білім ошағын, ондағы қауіпсіздікті пысықтап алдық. Мұнда оқушылардың еш кедергісіз білім алуына барлық жағдай жасалған. Жыл сайын білім сапасын арттыру мақсатында ұстаздар да біліктілігін арттырып отырады. Мұның бәрі бәсекеге қабілетті ұрпақ қалыптастыру мақсатында қолға алынып отыр. Шүкір, өткен жылды жоғары нәтижемен қорытындыладық, биыл да ұстаздар оқушыларды біліммен шырдауда жақсы жұмыс істейміз. Біз үшін әрбір оқушының болашағы маңызды. Сондықтан олардан бәсекеге қабілетті ұрпақ қалыптастыру үшін еңбек етеміз, – дейді мектеп директоры Жазира Ұзаққызы.

Жалпы Жазира Ұзаққызы – білім саласында тәжірибесі мол ұлағатты ұстаз. Білім ошағының басшылық қызметіне келмей тұрып та ол осы алтын ұядағы білім сапасының артуына үлкен еңбек сіңірді. Әлі де білімді жастардың қалыптасуына еңбек етуде. Жылдан-жылға мектепте оқушы саны артып келеді. Ал олардың болашағы елдің ертеңімен тікелей байланысты. Сондықтан мектеп жұмысы жұмыста жауапкершілікті бірінші орынға қойған.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Өткен аптада «Құқық тәртіп» жедел профилактикалық іс-шарасына сәйкес аудандық полиция бөлімі бастығының орынбасары, полиция подполковнигі Мәулен Өсер бірқатар елді мекенде халықпен кездесіп, түсіндірме жұмыстарын жүргізді. 2 күнге жалғасқан іс-шарада Мөрәлі Шәменов, Қаракеткен, Мәдениет, Т.Жүргенов, Мырзабай ауылдарына аялдады. Кездесуде соңғы жылдары белең алған интернет алаяқтықтың түрлі тәсілдері айтылып, «Оның алдын алуда қайтпек керек?» деген сауалдың түйіні тарқатылды.

Алаяқтықтың алдын алған абзал



– Қазір интернет алаяқтарынан абайлау керек. Цифрлық технологиялар дамыған сайын интернет кеңістігі азаматтардың өмірінде күнделікті қажеттілікке айналды. Алайда осы мүмкіндіктермен бірге, интернет алаяқтық сынды жаңа қауіп түрлері де белең алып отыр. Қоғамда интернет арқылы жасалатын алаяқтық қылмыстардың саны жыл сайын өсіп, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына, мүлкікті қауіпсіздігіне нақты қауіп төндіруде. Сондықтан мұндайлардан абай болу керек, – деді ол.

Мәулен Өсер айтқандай, расында қазір интернет алаяқтары көбейген. Соның ішінде жалған интернет-дүкендер алаяқтықтың кең таралған түріне жатады, яғни арзан бағамен тауар ұсыну арқылы азаматтарды сендіріп, төлем жасағаннан кейін байланысқа шықпайды. Қазір «Банк қызметкерімін» деген қоңырауларды көтеру де қауіпті. Өйткені алаяқтар осылай азаматтарға шығып, деректері немесе бір реттік SMS кодты алып, шотынан қаражат ұрлайды.

Жалпы интернет алаяқтық үшін жауапкершілік қылмыстық кодекстің 190-бабына сәйкес 10 жылға дейінгі бас бостандығынан айыру жазасы көзделген. Сонымен қатар ҚК-нің 262-бабы бойынша қылмыстық топ құру және оны басқару үшін де жауапкершілік қарастырылады.

Интернет алаяқтықтың алдын алуда әрбір азаматтың құқықтық сауаттылығы мен қырағылығы аса маңызды. «Ол үшін қайтпек керек?» деген сауалдың кешегі кездесуде түйіні тарқатылды. Мәселен, күдікті сілтемелерге өтпеу керек, таныс емес сайттарға жеке деректерді енгізбеген дұрыс. Банк картасы, SMS-код, ЖСН немесе CVV-кодты бөгде адамға айтпаған абзал.

Дұрысы, ресми көздерден ғана сауда жасаған дұрыс. Телефон арқылы «банк қызметкері» хабарласса, тұтқаны қойыңыз. Өйткені банк қызметкерлері ешқашан код сұрамайды. Жарнама, инвестиция, лотерея үдесіне сенбеңіз, шын табыс көп жағдайда жарнама арқылы ұсынылмайды. Киберқылмыс белгілерін байқаған жағдайда бірден құқық қорғау органдарына хабарласқан жөн.

Интернет алаяқтық – жай ғана азаматтың мүлкіне қол сұғу емес, мемлекеттегі құқықтық тәртіпке қауіп төндіретін құбылыс. Сондықтан құқық қорғау органдары бұл бағытта кешенді жұмыстар жүргізуде. Әр азаматтың қауіпсіздігі – мемлекет тұрақтылығының негізі.

Бүгінде әлеуметтік желілер арқылы тауар сатып алу, банктік карталарға қатысты операциялар кезінде алаяқтар жиі кездесуде. Сондықтан әр азамат мұндай жағдайға сақ болып, күмәнді сілтемелерге кірмеуі және бейтаныс адамдарға жеке деректерін бермеуі тиіс.

Кездесуде ауыл тұрғындарына алаяқтықтың нақты мысалдары келтіріліп, олардан қорғандық қарапайым жолдары түсіндірілді. Сонымен қатар кез келген күмәнді жағдай орын алса, дереу құқық қорғау органдарына хабарласу қажеттігі айтылды. Мұндай шаралардың басты мақсаты – халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру және интернет алаяқтарының құрбаны болмауға шақыру.

Жалпы аудандық полиция бөлімі кез келген қылмыстың алдын алуда халықпен тығыз байланыс орнатып, түсіндірме жұмыстарын ұдайы жүргізуде. Мұндай шаралар кез келген қылмыстың алдын алуда ерекше маңызға ие.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Жемқорлық жарға жығады

Жалпы сыбайлас жемқорлық көрініс тапқан қоғамда ешқандай даму үдерісі болмайды. Сондықтан онымен күрес шаралары мүлде толастамауы тиіс. Керісінше онымен күресте белсенді жұмыс жасаған абзал.

Кез келген дамыған елдерде оң нәтиженің қалай қалыптасқанына көз жүгіртсек, бірінші кезекте оған басты себеп сол елдегі сыбайлас жемқорлықпен қатаң күрес шаралары болғанын аңғара қоямыз. Қазақстан қазірдің өзінде дамушы елдер сапында. Сыбайлас жемқорлықпен күрес бүгінде мемлекеттің басты саясаты десе де болады.

Қазақта «тегін ірімшік тек қақпанда, оңай олжаға көнелуді көздеген опық жейді» дегенқанатты сөз бар. Мұның өзі сыбайлас жемқорлықтың кез келген адамға пайда әкелмейтінін аңғартып тұрғандай. Сондықтан біз одан мүлде ада болуымыз керек. Әрбір адам сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті өзінен бастаса, қоғамдағы түйткілді мәселелердің түйіні тарқатылар еді.

Ата-бабамыз бізге өзінің өнегелі өмірімен адалдықты, тазалықты өсиет етті. Біз алдыңғы буыннан алған тәрбиеміз арқылы кейінгі буынға да қоғам дертінің қаншалықты қауіпті екенін түсіндіріп, одан аулақ болуға шақыруға міндеттіміз. Өйткені тәуелсіз Қазақстанның ертеңі бүгінгі жас буынға тікелей тәуелді. Міне, осы ретте өзіміздің бойымызда сыбайлас жемқорлыққа қарсы иммунитет қалыптастыра отырып, жастардың да қоғам дертіне шалдықпауына жұмыс жасаған дұрыс.

С.САЛМАНОВ,
аудандық қазынашылық басқармасының
бас маман-бас қазынашысы

Онлайн-санақ кезеңі 20 қыркүйекке дейін ұзартылды

ОНЛАЙН-САНАҚ КЕЗЕҢІ 20 ҚЫРКҮЙЕККЕ ДЕЙІН ҰЗАРТЫЛДЫ

ОНЛАЙН-ЭТАП СЕЛЬХОЗПЕРЕПИСИ ПРОДЛЕН ДО 20 СЕНТЯБРЯ

www.sanaq.gov.kz

Ауыл шаруашылығы кәсіпорындары үшін онлайн-санақ кезеңі 20 қыркүйекке дейін ұзартылды. Барлық заңды тұлғалар, шаруа және фермер қожалықтары, сондай-ақ ауыл шаруашылығымен айналысатын жеке кәсіпкерлер санақтан sanaq.gov.kz сайтында өте алады.

Қызылорда облысының статистика департаментінің тіркеліміне сәйкес, санақ Жалағаш ауданы бойынша 1280-ге жуық кәсіпорын мен шаруа, фермер қожалықтарын және жеке кәсіпкерлерді қамтуы тиіс. Тамыз айында онлайн-санаққа 1211 респондент қатысып, 95 пайыз құрап отыр.

Онлайн-санақ кезеңі жақсы нәтиже көрсетті. Жедел деректер бойынша сайт арқылы сауалнамаға ауыл шаруашылығы құрылымдарының 95 пайызы қатысты.

Айта кету керек, жалпы тізімге ұзақ уақыт бойы белсенділігі жоқ, бірақ тіркеуде тұрған кәсіпорындар мен қожалықтар да енгізілген. Сондай-ақ байланыс деректері өзекті емес субъектілер бар. Бұдан бөлек кейбір респонденттер жұмысбастылығына байланысты санақтан уақытында өте алмаған. Қосымша берілген 20 күн олардың осындай маңызды мемлекеттік науқаннан тыс қалмауына мүмкіндік береді.

Еске сала кетейік, онлайн-санақ кезеңі 1 тамызда басталып, 31 тамызда аяқталуы тиіс болған. Интервьюерлердің

үй шаруашылықтарын аралайтын екінші кезең 20 қыркүйектен 20 қазанға дейін болады.

Ауыл шаруашылығы санағына қатысты барлық сұрақ бойынша 1446 байланыс орталығына сағат 9.00-ден 21.00-ге дейін қоңырау шалуға немесе санақ сайтында орналасқан Sanaq тұлға чат-ботына жазуға болады.

Азаматтар санаққа саналы түрде қатысуы керек. Өйткені ұлттық ауыл шаруашылығы санағы Қазақстанның аграрлық секторын және азық-түлік қауіпсіздігін тұрақты дамытуға арналған стратегиялық маңызы бар шара болып табылады. Алынған деректер тиімді мемлекеттік саясат пен барлық деңгейдегі ауыл шаруашылығы өндірушілерін қолдауға негіз болады. Барлық қатысушы тарап өздерінің азаматтық ұстанымын танытып, санаққа белсенді түрде қатысуы тиіс.

Ауыл шаруашығы – ел байлығы! Санаққа қатыс, үлес қос!

«ЖОЖ» ақпарат

Акция

«Amanat» партиясының бастамасымен қолға алынған дәстүрлі «Баланы мектепке дайындайық!» акциясы облыста белсенді жүргізілді. «Бақытты отбасы» партиялық жобасы аясында 11 тамызда бастау алған акцияға партияластар үлкен қолдау көрсетуде.

Қуанса, бала қуансын



Жуырда партияның облыстық филиалының төрағасы Алмасбек Есмаханов, атқарушы хатшысы Ләйлә Төрешова, облыстық мәслихаттағы «Amanat» фракциясының мүшесі Алмас Рахметов бүлдіршіндерге жылы лебізін білдіріп, мектеп құралдары мен сөмкелерді үлестірді.

Акция барысында облыстық партия филиалының төрағасы Алмасбек Есмаханов ең пайдалы инвестиция болашақ ұрпақтың білім алуына бағытталған қолдау екенін атап өтіп, бүлдіршіндердің білім алуына кішкентай болса да септігіміз тиіп, партияның қолдауын сезінсе, осы акцияның жемісі екенін жеткізді.

– Жаңа оқу жылында балалар ешқандай кедергісіз білім алуы керек. Бүгінгі шараның да негізгі мақсаты осыған саяды. «Amanat» партиясының бастамасымен қолға алынған дәстүрлі «Баланы мектепке дайындайық!» акциясы аймақта да жоғары деңгейде ұйымдастырылуда. Бұл акцияда партияластардың белсенділігі қуантады. Ең пайдалы инвестиция болашақ

ұрпақтың білім алуына бағытталған қолдау деп білеміз, – деді ол.

Ата-аналар мен бүлдіршіндер қуаныштарын жасырмай, ұйымдастырушыларға алғысын білдірді.

Айта кетейік, «Баланы мектепке даярлайық!» акциясы 16 жыл қатарынан өткізіліп келеді. Өткен жылы акция аясында 400 балаға 3 миллион теңгеге жуық қаражатқа мектеп қажеттіліктері үлестіріліп, кәсіпкер партияластардың қолдауымен 1400 балаға мектепке қажетті құрал-жабдықтар табысталса, биыл 2 мыңнан астам балаға қолдау көрсетілді.

Жаңа оқу жылына дейін мұндай игі шаралар жиі ұйымдастырылды. Ауданда осыған дейін көптеген балаға оқу құралдары мен басқа да қажетті құрал-жабдықтар табысталды. Біз бұдан бала болашағына жалағаштықтардың бейжай қарамайтынын аңғардық. Ал оқушылардың алдында жалғыз міндет бар, ол – оқуда озат болып, ата-ана мен ұстаздар сенімін қолдау.

«ЖОЖ» ақпарат

Таным

Халықтың батасын алған азамат

Дәрігер-хирург, медицина ғылым-дарының докторы, профессор, ҚР Ұлттық Ғылыми академиясының корреспондент-мүшесі Болатбек Бимемдіұлы Баймахановтың есімі еліміздің дәрігерлері арасында кеңінен таныс. Өйткені оның кәсіби шеберлігі қазіргі отандық медицинада орынды, әділ бағаланып, әріптес-замандастары ортасынан өз орнын ойып алған «қолы жеңіл» оташылардың бірі ғана емес, бірегейі десек, қателеспейміз.



Әрине, мұндай сый-абырой, құрмет жастайынан алдына биік мақсат қойып, кездескен қиындықтардан тайсалмай, табандылықпен жанын аямай, уақытпен санаспай жасаған еңбегінің нәтижесі екеніне күмән жоқ. Ол сірә бала кезінен еңбектің қадірін біліп өскендіктен болар. Осы жолдарды қағаз бетіне түсіре отырып, біз қолдан тұлға жасаудан аулақпыз. Бірақ батырды батыр, ақынды ақын, жақынды жақын дегеніміз жөн. Болатбекпен біз, қолына қандауыр ұстаған еліміздің ақхалатты абзал жандары, яки оташылар қауымы, мақтанамыз, мақтан тұтамыз. Ол оған өбден лайық жан.

Болатбек Баймаханов Қызылорда облысы Жалағаш ауданында дүниеге келді. Орта мектепті үздік бітіріп, 1980 жылы жүрек қалауымен Алматы мемлекеттік медицина институтының емдеу факультетіне оқуға түсті. Әр сәтті ұтымды пайдаланып, уақытты бос жібермеуге, терең білім алуға, медицинаның қыры мен сырын барынша терең меңгеруді мақсат етті. Жоғары курста бала кезінен армандаған хирургия саласын тандап алып, оны игеруге барын салды. Оның еңбегі бос кеткен жоқ. Алтыншы курста хирургтар тобына өтіп, білігір оташы-дәрігерлер, доценттер Сапар Орашев пен Тұрар Кекеевтен көп дүние үйренді.

Табандылықпен талпынып жүріп, оқудың жетінші жылы интернатураға жолдама алды. Біржылдық оқу-тәжірибе қалыптастыруды Қызылордадағы облыстық медициналық орталықта өткізіп, өңірдегі белгілі хирургтардан (Ш.Абдуллаев, Т.Маханов, С.Құлсартов, А.Шүлгенбаев) тәлім-тәрбие алып, мамандығын игеріп, білімі мен шеберлігін жетілдірді. Сөйтіп бірер жыл тәжірибе жинап, оташы ағаларының ақыл-кеңесіне құлақ асып, оңы мен солын танып, ғылымға бет бұрғанды жөн санады.

Клиникалық ординатураға «еліміздің хирургиясының қара шаңырағы» атанған Алматыдағы А.Сызғанов атындағы Ұлттық ғылыми хирургия орталығына қабылданып, білімін жетілдірді. Оның еңбекке деген жанып тұрған қабілетін, ізденімпаздығын, алғырлығын, іскерлігін байқаған Ш.Жұраев, М.Сейсенбаев, Ж.Досқалиев сынды ұстаздарының кеңесімен аспирантураға қабылданды. Содан ғылымға алып барар дара жол басталып кетті. Елімізге белгілі ғалым-хирург, қазақстандық хирургтар мектебін қалыптастырған ұлтжанды азамат, Халық Қаһарманы, академик Мұхтар Әлиевтің жетекшілігімен кандидаттық, докторлық диссертацияларын сәтті қорғап шықты.

Өмірлік ұстазына айналған Мұқан-ның Болатбекке деген көңілі, ойы, көз-қарасы, мейірімі ереше болды. Оның болашағынан үлкен үміт күтіп, қанатын қатайтып, жауапты қызметтерді батыл сөніп тапсырды. Оңтүстік Қазақстан және сәл кейін Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармаларының басшылығы қызметіне ұсынып, тәжірибе жинап, еңбекке ысылтып, жұмысқа шыңдады. Қандай қызметте болсын, талапшыл Б.Баймаханов хирургияны

«көлеңкеге» тастамай, жұмыстың ауырлығымен, уақытпен санаспай, шеберлігін әрі қарай жетілдіруден, ізденуден шаршамады. Ерте, таңғы 6-да жергілікті ауруханаға барып, 2-3 сағат ота жасап, сағат 9-да жұмыс орнынан табылып жүрді. Мұндай жанкештілік, табандылық кез келген дәрігердің, басшының бойынан табыла бермейтінін мойындауымыз керек.

Өмірдің өзі Болатбекке көп нәрсені үйретті. Тәжірибе жинақтай келе басқару ісіне барынша төселіп, өбден ысылып, шебер ұйымдастырушы дәрежесіне қол жеткізді. Жүрген ортасында сыйлы болды, елі құрметтеді. Оның барлығы адал еңбектің, озық ойдың, адами жақсы қасиеттерінің арқасында деп ойлаймын.

2011 жылы астанадағы «Шұғыл медициналық жәрдем орталығын» басқарды. 2012 жылы әсем Алматыға қайта оралып, 1000 төсектік қалалық №7 клиникалық аурухананың бас дәрігері болып тағайындалды. Қызметтің ауырлығына, уақыттың тапшылығына қарамай, бұл жерде де хирургия саласын дамытуға көп күш салды. Алматыда алғашқылардың бірі болып трансплантологиямен (ағзаларды алмастырумен) айналысып, шетелдік белді клиникаларға арнайы дәрігер-трансплантологтар тобын жіберді. Шеберлігін жетілдіріп, сол жылы бауыр, бүйрек, ұйқы безін алмастыру оталарын күнделікті іске батып енгізді. Сөйтіп қиналып жүрген көптеген науқастың өмірін ұзартуға сәбепкер болды, ел-жұрттың батасын алып, құрметіне бөленді. Атап өткеніміз жөн, еліміздегі бірде-бір аурухана ұжымы осыншама ағза алмастыру отасын жүргізуге қол жеткізген емес. Сол кездері бір ұшырасқанымызда Болатбек Бимемдіұлының мына сөзі есімде:

– Экономикасы дамыған елдерде трансплантология саласы жақсы даму-да. ТМД елдері арасында Украина, Белоруссия ағза алмастыруда үлкен жетістіктерге қол жеткізді. Қазақстанда жыл сайын органдарды ауыстыруға байланысты шамамен 300 операция жүргізіледі, мұндай операция жасалуға тиіс адамдар саны бүгінгі күнде 3,5 мыңға жетіпті. Жағдайды қиындатып отырған донорлар тапшылығы. Бізде негізінен науқастың жақын туыстары, әке-шешесі донор болып тұр. Бұл бағытта әзірше көп қиындықтар туындап отыр. Өкініштісі, біз халыққа бұл мәселені толығымен емәді түсіндіріп, саналарына жеткізе алмай отырмыз. Халық арасында кереғар пікірлер аз емес. Соларды реттеп, көпшілікте трансплантологияның пайдасы, оның сауабы жайлы мәліметтерді жеткізе білгеніміз жөн, – деген еді.

Ой таразысынан өткізсек, елімізде трансплантология ісі әлі де мөз емес. Тіпті соңғы жылдары көрсеткіштер төмендеп кеткен сияқты. Оған себептер аз емес: қаржы тапшылығы, пандемия зардабы, донорлардың жоқтығы және т.б.

2016 жылы Б.Баймаханов Алма-тыдағы «А.Сызғанов атындағы Ұлт-тық ғылыми хирургия орталығы» АҚ

Басқарма төрағасы қызметіне тағайындалды. Сонымен бірге оған ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің штаттан тыс бас хирургі міндетін қоса атқару тапсырылды. Ғылыми орталықтың қырсырын бұрыннан білетін ол ұжымның ісіне жаңа леп берді. Көптеген жағымды өзгеріс енгізді, елімізде хирургия саласын жетілдіруге, білікті мамандар дайындауға бар күш-қуатын бүгінге дейін жұмсап келеді. Оның түбегейлі қызметі мен ерен еңбегі жайлы көпшілік әркез жылы лебіз білдіріп отырады.

Сардар азаматтың адал еңбегі мемлекет тарапынан орынды бағаланып келеді. Ол «Құрмет», «Отан» ордендерімен, бірнеше мерекелік медальдармен алғыс хаттармен марапатталды. «Денсаулық сақтау ісінің үздігі», «Денсаулық сақтау ісіне қосқан үлесі үшін» төсбелгілері мен мақтау грамоталары тағы бар. Жоғары санатты, қолы шебер хирург атағы берілген. Ол үшін бәрінен қымбаты – ел аузындағы «Алтын қолды оташы» деген құрмет. Мұнан асқан атақ, абырой жоқ.

Б.Баймахановтың жетекшілігімен 4 докторлық, оннан астам кандидаттық диссертация сәтті қорғалған. Ол отандық және әлемдік баспаларда 300-ден астам ғылыми-практикалық мақала жариялап, 45 патенттің авторлық иесі атанды. Халықаралық хирургтар конгресстеріне, конференцияларына қатысып, тартымды баяндама жасап, еліміздің хирургия саласындағы жетістіктерін дер кезінде үзбей көпшілікке жеткізіп отырады.

Профессор Болатбек Баймахановпен кейінгі жер кездескенімізде еліміздегі медициналық көмектің қазіргі жағдайы, дәрігерлердің біліктілігі жайлы сөз болды. Содан көптен ойда жүрген біраз мәселе қозғалды.

– Дәрігерлік мамандық аса жауапкершілікті, терең біліктілікті талап ететін жауапты қызмет екенін білеміз. Оның жұмысында ұсақ-түйек болмайды. Оның басты міндеті – адамның денсаулығы мен өмірін сақтау. Түптеп келгенде, оның қолында адам өмірі, болашақ тағдыры тұр. Алдына үміт артып келген науқастың көңілінен шығу, сенімін ақтау – үлкен жетістік. Ендеше, көпшілік арасында білгір маман ретінде бағаланып, абыройға бөлену әрбір дәрігердің басты мақсаты екені рас. Жалпы дәрігер өмір бойы оқумен, білімі мен шеберлігін жетілдірумен айналысуға міндетті. Сонда ғана ол жақсы маман, сұранысқа ие абзал дәрігер болады. Әйтпесе қандай мамандық иесі болсын тоқырауға ұшырайды. Өйткені қазіргі инновациялық технология мен емдеу процесі күн сайын жетілдірілуде, диагностикалық, емдік мүмкіншіліктер кеңейіп тұсуде. Тіпті бүгін қолданылып отырған дәрі-дәрмек ертең керексіз болып қалуы да өбден мүмкін. Мысалы, ертеректе жиі пайдаланылған «ге-модез» дәрісін қазір дәріханалардан, стационарлардан кермейсіз, ол емдік шаралардан алынып тасталып, ешкімге керек болмай қалды. Емдеу, хирургиялық ота жасау тактикасы да біраз өзгерістерге ұшырады. Уақыт

бір орнында тұрмайды, тоқтаусыз зымырандай зулап өтіп жатыр.

Дәрігер этиканы сақтай отырып, пациентпен және оның туыстарымен әлгі-мелесе білуі керек.

Байқап жүрміз, қазіргі кейбір жастар пациенттермен, оның туыстарымен жөнді сөйлесе де білмейді. Олардың сөзінең жүзінен жылылық, кішіпейілдік, зиялылық, білімділік білініп тұруы керек. Алдына жаны қиналып келген пациентпен орынды сөйлесіп, оның сұрақтарына дұрыс жауап беру де дәрігерге деген сенімді арта түсіреді, ризашылығына бөлейді.

Иә, дәрігер – қазіргі зиялы қауымның алдыңғы толқынында болып, өзінің жоғары қабілетімен, мәдениетімен, ақ-жақын мінезімен ерекшеленіп тұруды талап ететін жауапты қызмет. Сондықтан жастар мамандық таңдар алдында мың ойланып, жүз толғанып барып дәрігерлікке барғаны дұрыс. Әйтпесе бар өмірін заң кетіріп, дәрігерлердің беделін түсіреді, қоғамда теріс пікір-түсініс туғызады, – деп ой түйді Болатбек өріптегісі.

Онысы рас, бүгінгі ел-жұрт базбір дәрігерлерге сенімсіздікпен қарайды. «Олардың басым көпшілігі пациенттерге жүрдім-бардым қарайды, жауапкершілік деген жоғалып барады. Тіпті қолында табақтай дипломы болғанмен, білімі таяз, тәжірибесі жеткіліксіз, бір кабинеттен екінші кабинетке, бір зертханадан тағы екіншісіне, бір маманнан екінші-үшіншісіне жұмсап табанынды тоздырып, уақытыңды бос алады, жүйкөңді жұқартады, қалтанды қағайды» деген пікірді жиі естуге болады. Бұл шырылдаған шындық екенін мойындауымыз керек.

Медицина саласына өз қабілетіне қарамай, біреудің айдауымен барған жандар жоқ емес. Дәрігердің беделін түсіріп жүрген де солар. Оларға қарайсың да бетіңнен от шыға ұялып, көңілің жабырқайды. «Қайран да бос кеткен шіркін, уақыт-ай!» деп бармағыңды тістеп, күмілжисің.

...Міне, Ұлттық ғылыми хирургия орталығында әдеттегідей тағы бір жұмыс күні басталды. Лездеме өткізіліп, туындаған проблемалар талқыланып, кезекті жоспарлы оталар жасалу қарбаласы басталды. Халық денсаулығын қорғауға елеулі үлес қосып, шипасы мол іс-ісінде, жұдырықтай жұмылған, ырысы мол айтұлы ұжымның бұл күнделікті іс-әрекеті. Көптің алғысына бөленіп жүрген жеңіл қолды оташы, профессор Болатбек Баймаханов ақ жөленін жамылып, тағы бір күрделі ота жасау мақсатымен, ішкі дүниесін тастайтын жиып алып, үлкен сеніммен, ақтарсын нық басып ота бөліміне аяңдап бара жатты. Біз оған: «Әр жасаған отаның сәтті болсын, Бөке!» деген тілек білдірдік.

Сағындық ОРДАБЕКОВ, дәрігер-хирург, медицина ғылымдарының докторы, профессор

Нашақорлықтың алдын алу – міндет

Қазіргі таңда жастар арасында электронды темекі мен синтетикалық есірткі тұтыну өзекті мәселеге айналып отыр. Есірткі тұтынатын жасөспірімдер мен жастардың болашағы бұлыңғыр. Бүгінде жасөспірімдер арасында «вейп» деп аталатын электронды темекі өте танымал. Электрондық темекі шегу кезінде ағзаға канцерогендерге жататын көптеген зиянды заттар өнеді, олар қатерлі ісік ауруларының пайда болуына ықпал етеді және жалпы денсаулыққа зиянды әсер етеді.

Синтетикалық препараттар – жаңа психоактивті заттар. Бүгінгі таңда ең көп таралған жаңа психоактивті заттар «Скорость», «Мефедрон» деп аталады. Синтетикалық препараттарды қолдану физиологиялық және психологиялық денсаулықты бұзады. Синтезделген заттар тәуелділікті тезірек тудырады, кейбіреулеріне тек бір доза жеткілікті. Олардың химиялық құрамы көбінесе белгісіз, сондықтан артық улану қаупі жоғары.

Есірткіні қолданған кезде адамда эмоционалды күйзеліс артып, ашуланшақтық, төбеттің жоқтығы пайда болады. Нашақор адам сыртынан қарағанда әлжуаз, қатыгез, дерекі, өзімшіл болып көрінеді. Есірткіні қолданатын адам өз өмірін бақылауды жоғалтып, адам танымастай өзгеріп кетеді. Есірткінің кез келген түрі барлық мүшелерге, әсіресе орталық жүйке жүйесіне, миға, бауыр мен бүйрекке әсер етеді. Әдетте денсаулығы мықты адам есірткіні үнемі қолданса, 10 жылдан артық өмір сүрмейді. Нашақорлар залалсыздандырылмаған инелерді қолданындықтан, олардың арасында қан арқылы берілетін көптеген ауру жиі кездеседі.

Егер адам есірткі қолданады деген күдік болса, оны нарколог дәрігерге өртерек қарату керек. Нашақорлықты емдеу – ұзақ әрі күрделі үрдіс. Есірткіні бір рет пайдаланудың өзі ауыр жағдайға әкеліп соғады. Сондықтан нашақорлықтың алдын алып, есірткіге тәуелділікті емдеу үшін шұғыл шаралар қабылдау қажет.

А.БЕКТАЕВА, аудандық аурухананың жастар денсаулығы дәрігері

Сақтансаң, сақтайды

Тұрғын үйде өрт қауіпсіздігін сақтаңыз

Тұрғын үйдегі өрт қауіпсіздігі – адамдардың өмірің, денсаулығын және мүлкін оттан қорғау мақсатында сақталуы тиіс маңызды талаптардың жиынтығы. Өрт оқиғалары көбінесе тұрмыстағы немқұрайлылық пен қауіпсіздік ережелерінің бұзылуынан орын алады. Сондықтан әр азамат өрт қауіпсіздігі ережелерін білуі және қатаң сақтауы тиіс.



Тұрғын үйдегі өрттің негізгі себептеріне келсек, ашық отты абайсыз пайдалану, яғни шылым шегу, сіріңке, шам жағуда олқылықтар орын ала, тіпсіз жаудың тұтануы мүмкін. Электр құралдарын ұзақ уақыт қосып қою немесе ақаулы құрылғыларды пайдалану да қауіпті.

Пеш пен түтін құбырларының ақаулығы да тілсіз жаудың тұтануына басты себеп болады. Газбен жабдықталған құралдарды дұрыс пайдаланбау да қауіпті. Сондай-ақ балалардың отпен ойнауына жол бермеңіз.

Өрттің алдын алу үшін қайтпек керек? Ең алдымен электр құрылғыларын қолданған соң міндетті түрде өшіріңіз. Қабырғадағы розеткалар мен сымдардың жарамдылығын тексеріп тұрыңыз. Газ плитасын қараусыз қалдырмаңыз.

Балаларды от, сіріңке, оттықпен жалғыз қалдырмаған дұрыс. Пеш жаққанда қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтаңыз. Үйде бастапқы өрт сөндіру құралдары, яғни өрт сөндіргіш, су, құм, көрпе болуы керек. Түтін шыққанда немесе газдың иісі білінсе, электр жарығын қоспаның, терезе ашып, тез арада үйден шығып, 112 нөміріне хабарласыңыз.

Өрт болған жағдайда не істеу керек? Бірінші кезекте сабыр сақтаңыз, адамдарды қауіпсіз жерге шығарыңыз. 112 нөміріне қоңырау шалып, нақты мекен-жайыңызды айтыңыз. Кішкентай өрт болса, өрт сөндіргішпен немесе су, көрпе арқылы өшіріп көріңіз. Электр тоғынан шыққан өртке су төкпеңіз, бұл қауіпті.

Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі

2025 жылы 31 тамызда өткізілген Жалағаш ауданының Мәдениет ауылдық округінің әкімін сайлау қорытындысы туралы ХАБАР

2025 жылы 31 тамызда Жалағаш ауданы бойынша Мәдениет ауылдық округі әкімінің сайлауы өткізілді. Жалағаш ауданының Мәдениет ауылдық округінің әкімін сайлау жөніндегі дауыстарды санаудың нәтижелері туралы уәскелік сайлау комиссияларының хаттамасы негізінде Жалағаш аудандық сайлау комиссиясы Жалағаш ауданының Мәдениет ауылдық округі әкімінің сайлау өтті деп танылғанын хабарлайды.

Жалағаш ауданының Мәдениет ауылдық округі әкіміне 3 кандидат дауысқа түсті. Мәдениет ауылдық округі бойынша сайлаушылар тізіміне 1038 азамат енгізілген, сайлау бюллетеньдерін 718 адам немесе 69,17 пайыз алды, оның ішінде есептен шығару куәлігтері бойынша сайлаушылар дауыс берген жоқ, дауыс беру үй-жайынан тыс жерде 17 сайлаушы дауыс берді. Жарамсыз деп танылған бюллетень саны – 4.

Жалағаш ауданының Мәдениет ауылдық округінің әкімін сайлаудың мынадай қорытындылары анықталды:

Кашакова Жанар Бахытовна үшін – 49 дауыс, Оразбаев Ардақ Даулетбаевич үшін – 597 дауыс, Хамитов Арман Алданышұлы үшін – 61 дауыс, «Барлығына қарсы» белгісімен – 7 дауыс берілді.

Оразбаев Ардақ Даулетбаевич – Жалағаш ауданының Мәдениет ауылдық округінің нәтижесінде сайланған әкімі болып есептелінді.

Оразбаев Ардақ Даулетбаевич – 1974 жылы туған, қазақ, «Мәдениет ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ, Бас маман, Мәдениет ауылдында тұрады, «Аманат» партиясының мүшесі, өзін-өзі ұсынаған.

Жалағаш аудандық сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңының 45, 113-114-баптарына сәйкес, 2025 жылғы 2 қыркүйектегі шешімімен 2025 жылғы 31 тамызда сайланған Мәдениет ауылдық округі әкіміне Оразбаев Ардақ Даулетбаевич тіркеді.

Жалағаш аудандық сайлау комиссиясы

Дін мен дәстүр тоғысқан қарашаңырақ

Кез келген халықтың немесе қоғамның ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан діни және ұлттық құндылықтары болады. Қоғамдағы адамгершілікке бастау болатын рухани құндылықтар өмір сүру сапасын жақсартуға, ізгі қоғам қалыптастыруға жол бастайды. Осы орайда Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы (ҚМДБ) құндылықтарымыздың сақталуы мен ел арасында ислам дінінің дұрыс және жүйелі насихатталуын қамтамасыз етіп келеді.

Имандылыққа баулу – басты міндет

Діни басқарманың құрылуындағы негізгі мақсат – ислам діні мен шариғат ілімдерін көркем түрде насихаттау мен жеткізу. Сонымен қатар мұсылман жамағатының діни сауатын ашу мен білімін жетілдіру, олардың заң мен ата заң алдындағы міндеттерін атқаруына бағыт береді. 1990 жылы діни басқарма құрылғалы біршама насихат жұмыстары жүргізіліп келеді.

Әлеуметтік желілер – насихат жасаудың заманауи жолы
XXI ғасыр ғаламтор ғасыры болғандықтан Діни басқарма 2006 жылы

mufyat.kz атымен Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының ресми сайты өз жұмысын қарқынды жасап келеді. Заман талабына сай түрлі әлеуметтік желілерде парақшаларын ашып, уағыз-насихат жұмыстарын жүргізуде.

Мешіт – руханият ордасы

Діни басқарма еліміздің әр аймағынан және керікті жерлерден мешіттердің салынуы үшін жергілікті әкімшіліктен рұқсат алып, ұйымдастыру жұмыстарын атқарып келеді. Жаңадан мешіттер салумен қатар тарихи мешіт-

Жастарды отаншылдыққа шақыру

«Отанды сүю – иманнан» деген нақыл бар. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы жастарды отаншылдыққа үндеп, патриотизмге тартуда үлкен жұмыстар атқарып келеді. «Жастар секторын» ашып, әрбір өкілдік жанынан жастармен айналысатын, оларға бағыт-бағдар беретін, жастарға арналған түрлі шараларды ұйымдастыратын жауапты имамдарды бекітті.

Отбасындағы дін мен дәстүр үндестігі

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы азаматтық қоғамның ықпалды бір ұйымы ретінде дәстүрлі отбасылық құндылықтарды жаң-

ғыртып орнықтыру жолындағы қызметте бар күш-жігерін жұмсап келеді. Отбасын құрудың мақсаты мен жауапкершілігіне көңіл бөлуді бұйырады.

Салт-дәстүрді қайта жаңғырту

Осы күнге дейін атадан қалған жол – дін мен дәстүрді жақындастыруға барынша күш жұмсап келеді. Имани құндылықтарды қайта жандандырып, сара жолға айналдыру мақсатында «Дін мен дәстүр» жылын жариялап, аталған тақырыпта екі томдық кітап шығарды.

ҚМДБ-ның басты мақсаты – ғасырлар бойы жинақталған қазақтың бай рухани мұрасы мен ислам дінінің асыл қасиеттерін ұштастырып, қайырымды һәм ізгі қоғам жасау жолында игі істерге бастамашы болу. Еліміздің тұтастығы жолында аянбай қызмет етеді.

Нұрәулет ЖАЛҒАСБЕКҰЛЫ, аудандық «Иманқұл» мешітінің бас имамы

Өнеге

Батыр аналар еңбек жолы — ұрпаққа үлгі



Кент іргесіндегі Мөрәлі Шәменов ауылының негізгі тыныс-тіршілігі ауыл шаруашылығына тәуелді. Ауылдағы салада қажырлы еңбек етіп, елді мекеннің еңсе тіктеуіне саналы ғұмырын салп еткен азаматтардың өнегелі өмір жолы – ескелең ұрпаққа үлгі. Сондықтан олардың еңбек жолын кейінгі буынға дәріптеу – басты міндет.

Жалпы қайраткер атындағы ауылда жақсылықты, адал еңбекті жастарға дәріптеу дәстүрге айналған. Жуырда тағы дәл осындай игі шараның күесі болды. Ауылдағы мәдениет үйінің ұйымдастыруымен «Жаңау шауағы» жобасы аясында ауылдағы батыр аналармен кездесу өтті.

Кездесу кешіне арнайы шақырылған ғұбратты ғұмыр иесінің бірі – Тиышкүл Жүнісқұлова. Сексенге таяған әжеміз жастайынан еңбектен қол үзбеген. Отбасы мен дала жұмысын қатар алып жүрген қария – 9 перзенттің анасы. Бүгінде олардан 19 немере, 8 шебере сүйіп отыр. Басқосуда Тиышкүл әжеміз жастарға адал еңбекті дәріптеп, ақыл-кеңесін айтты. Сондай-ақ ол туған жерге тер

төгуде жастарды аянып қалмауға шақырды.

– Әр заманның өз қиыншылығы болады. Бірақ қазір шүкір ғой, барлығы бар. Біз қиыншылықты көп көрдік. Бірақ оған сынбадық. Керісінше адал еңбекпен соның барлығын еңсердік. Бүгінгі буынға айтарым, мақсаттарыңа тұрақты болыңдар. Жұмыста жауапкершілікті бірінші орынға қою керек. Әркім өзінің болашағына бейжай қарамағыны дұрыс. Өйткені ол – сенің ғана емес, тұтас бір елдің ертеңі. Біз осылай тәрбие алдық және осы жолда еңбек етуге сендерді де баулу әлі де міндетім деп білемін. Қазір біраз жасқа келдік, менің қолымнан ақыл айтқаннан басқа не келеді? Мейлінше барлықтарыңның болашақтарың жарқын

болғанын қалаймын. Қай істе де адалдық танытыңыздар. Әсіресе бұл жұмыста ерекше маңызға ие, – деді ол.

Тиышкүл Жүнісқұлова кезінде ауыл шаруашылығы саласының дамуына қажырлы еңбек етті. Елiн де екi, одан мол астық алды. Мал шаруашылығын да ширатты. Соның барлығында өзі айтқандай, адалдықты, жауапкершілікті бірінші орынға қойды. Бүгінде ауданның ауыл шаруашылығы саласында серпін қалыптасса, онда Тиышкүл әжеміздің өзіндік қолтанбасы барын ауыл жұрты жақсы біледі.

Ауылдағы орта және жас буынмен кездесуге арнайы шақырылған қонақтардың бірі – Райхан Байғарева. Райхан апамыз да ауыл шаруашылығы сала-

сында талмай еңбек етті. Саланың ыстық-суығына төзіп, соның барлығын адал еңбекпен еңсерді. Сондықтан ол бүгінгі буынның да туған жерге адал еңбек етуін қалайды.

– Біздің ендігі арманымыз – сендердің жарқын болашақтарың. Әқайсысыңның отбастарыңда ата-аналарың барлығыңның болашақтарыңа үлкен сеніммен қарайды. Сондықтан сол сенімді ақтауға осы бастан дағдылануларың керек. Ол үшін түзу жолмен жүріп, адал еңбек етуді үйренiңдер. Біз не көрмедік, қиын шақта тұралаған шаруаны шираттық, мынау түздің жұмысы, мынау үйдің жұмысы деп ештеңемен санаспадық. Еңбекпен еңсе тіктедік, жұмыста ширақ болдық. Қазір сендердің де сондай еңбекте озат болғандарыңды қалаймыз. Осы ауылдың дамуына талмай еңбек еттік. «Адамның кіндік қаны тамған жерге, мандайының тері де таму керек» деген керемет сөз бар. Осы ауылдың топырағында ойнап, осы ауылда өсіп-өнгесін оның болашағына да жұмыс жасау парыз екенін ұмытпаңдар. Ертең осы жерде отқан жастар өсіп, оқу оқып, арман қуып, жан-жаққа кетесiңдер. Бірақ қайда жүрсендер де туған жерді ұмытпаңдар. Қолдарыңнан келсе, осы ауылдың болашағына еңбек етiңдер, – дейді ардақты әжеміз.

Райхан апамыздың жұмыста табандылығы жергілікті жұрттың көз алдында. Сондықтан оған ауылдағы ағайын құрмет көрсетуден шаршамайды. Шама-шарқынша ақылын алып, кейінгі буын өзіне бағдаршам санайды. Расында оның өнегелі өмір жолы – ескелең ұрпаққа өнеге. Өзі айтқандай, ол мынау түздің, мынау үйдің жұмысы деп санаспады. Отбасы мен дала жұмысын қатар алып жүрді.

Ардақты апамыз – өмірге 6 бала өкпеген батыр ана. Балаларын да адал еңбекке баулып, олардан 22 немере, 5 шебере сүйіп отыр. Қазір білгенін, түйгенін жастарға үйретіп жүрген ауылдағы ардагерлердің бірі.

Жалпы адал еңбекпен еңсе тіктеген ардагерлердің өмір жолын жастарға өсиет ету – бізге парыз. Осы тұрғыда ауылдық мәдениет үйі бұл кездесуді жоғары деңгейде ұйымдастырды. Батыр аналардың екеуі де әлі еңбектен қол үзбеген. Бүгінде олар – ауылдағы «Асыл ана» әжелер ансамблінің мүшесі.

Бұл кеш – аналардың өмір жолынан өнеге алып, олардың батылдығы мен парасатына тағзым еткен ерекше сәт болды. Шынайы өңгіме, жүрекке жетер сыр, жылы жүздесу, барлығы осы кештен көрініс тапты. Тал шыбықты қалай иесен, солай бой түзейді. Сондықтан жастарға осындай тәлімді кештердің берері мол.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Еңбек адамы

Ұлттық өнерді ұлықтаған

Күні кеше Жаңаталап ауылына арнайы бардық. Мұндағы мақсат – ұмыт болып бара жатқан салт-дәстүрді дәріптеп, қайта жаңғыртып жүрген Райкүл Медеуовамен танысу. Барсақ, анамыз ауласындағы бақшада кішкентай немересін ертіп, еккен өнімдерін жинап жүр екен. Біз де дереу ақжаулықты анамыздың жанына барып, өзімізді таныстырып, келген жөнімізді айттық.

«Аудан орталығынан тілшілер келе жатыр деген соң ауыл дәмінен ауыз тиіп кетсін» деп бақшасынан ірі сары қауынның көтеріп шыққан анамыз осы шаңараққа келіп болып түскелі егін шаруашылығымен айналысып келе жатқанын айтты.

– Өздеріңіз білетіндей, ауылда аяқсу тапшы. Соңғы жылдары мұнда ауласына бақша өнімдерін егетін тұрғындар қатары сиреді. Быыл ғана аяқсу мәселесі оң шешімін тапқан соң біраз тұрғын бақшасын қайта баптауды қолға алды. Аяқсу болмаса да беріге дейін қолмен суарып, бақша өнімдерін егуген айналысып келеміз, – дейді ол.

Шынында, ауыл өнімдерінің дәмі ерекше. Анамыз алдымызға қойған қауыннан дәм тата отырып, кейіпкерімізді әңгімеге тарттық. Сөзіне сүйенсек, ол бала күнінен қолөнерге жақын болған. Кезінде анасы ұршық иіріп, киіз басуға шебер болыпты. Ес білгеннен анасына қолғабыс ете жүріп, кейіпкеріміз де киіз басу өнерін меңгеріп алған.

Әңгіме барысында бірге киіз басып көруге қолқа салдым. Ауылда туып, өсем де, алғаш рет киіз басқалы тұрған маған барлығы қызық. Осылайша анамызбен бірге ауладағы сарайдан керекті құрал-жабдықтарын шығарып, талдың астындағы көлеңкеге жайғастық. Ол жұмысты бірінші жүн сабаудан бастады. Бір қызығы, сырт көзге жүн сабау оңай болып көрінгенімен өзіндік әдіс-тәсілдерін меңгермесең, дұрыс сабай алмайды екенсің. Айтуынша, жүнді сабау деген тек ұру емес, өзіндік әдісі арқылы жүнді ұрып, шаң-тозаңнан айырып, ұйысқан жерді жазу керек. Киіз басудың кенігі шебері болған кейіпкерімізбен бірге тоқылған шидің үстіне дайын болған жүнді төсеп, түрлі түсті шүйкелермен ою-өрнек салдық. Қолөнер шеберінің көрсетуімен түрлі түсті шүйкелермен безендірілген ою көздің жауын алып, ерекше әсемдік беріп тұр. Мұнан кейін бетіне қайнаған ыстық су бүркіп, астындағы тоқылған шимен бірге шыыршықтап бүктедік. Райкүл анамыз бұны жүннің нығыздалып, киіздің біркелді басылып шығуы үшін жасалатын жұмыс деп түсіндірді. Расында киіз басу айтуға оңай болғанымен, жай орындапала салатын іс емес екен. Ол – қолдың күшімен қатар ептілік пен шыдамдылықты қажет ететін машақаты көп жұмыс.

– Бұрын киіз басу ауылда кішігірім той секілді ететін. Ауылдың қыз-келіншектері жиналып, асарлатып бірге бітіретінбіз. Ала-әжелер жағы «Алма ағаштың бүріндей-ай, текеметтің түріндей-ай» деп әндетіп, жастар жағы ойын ұйымдастырып, келіндер қызмет етіп, жақсы көңіл күймен тарқасатынбыз. Киіз басу – ауыл тұрғындарын ауызбіршілікке шақыратын керемет дәстүр. Ешкім қолкөмек беруден бас тартпай, бір үйдің баласындай атсалысатын. Қазір заман талабына сай киізді ешкім үйіне төсемейді. Сондықтан



болар ескі дәстүр ұмытылып, жастар жағы аса қызығушылық танытпайды. Шыңдығында, киіз басу да үлкен өнер екенін білген дұрыс, – дейді ол.

Расында кезінде әжелеріміз әр үйдің төрінде киіз бен текемет тұратынын жиі айтатын. Ал қазір киіз басу өнері қалыс қалған. Бұл өнерді ұлықтап, үйінде жүн түтіп, текемет басып, ісмерлікпен айналысатындар қатары едәуір азайған.

Киіз басу барысында анамыз бір сәт балалық шағын еске алды. Қиын-қыстау заманмен тұспа-тұс келген балалық шағында ол анасының ықпалымен еңбекке ерте араласқан. Анасынан тек киіз басуды ғана емес, тоқыма мен кесте тоқуды, құрақ құраудың да қыр-сырын меңгерген. Соның арқасында ол келін

болып түскенде бұндай жұмыстардан еш қиналмағанын, бүгінде қолынан келетін өнерін өз келіні мен немерелеріне үйретіп жүргенін айтады. Сөзімізге дәлел ретінде айта кетейік, анамыз жақында ғана «Ұршық үстіндегі ұлағат» облыстық байқауына немересімен қатысып, арнайы дипломмен марапатталған. Бүгінде ол 1 ұл 3 қызды дүниеге әкеліп, олардан 16 немере сүйіп отыр.

Аядай ғана ауылда тұрса да, жастардың бойына ұлттық құндылықтарды дәріптеп үйретуден жалықпайтын анамыздың басты мақсаты – ұлттық өнерді өміршең ету.

Ақтоты БҰРКІТБАЙ

Салтанатты шара

1 қыркүйек – білім күніне орай әл-Фараби атындағы №201 мектеп-лицейінде «Мектебім – мейірім мекені» атты салтанатты жиын өтіп, алғашқы қоңырау соғылды. Жаңа оқу жылы басталар айтулы жиынға білім бөлімінің әдістемелік кабинеті әдіскері Күміскүл Иманқалиева мен ардагер ұстаздар қатысып, мектеп табалдырығын алғаш аттаған бүлдіршіндерге жылы лебізін білдірді.

Білімді ұрпақ – кемел келешек кепілі



Аталған білім ошағынан өткен оқу жылын 65 түлек ойдағыдай аяқтап, ұлттық бірінғай тестілеуге 64 оқушы қатысуға ниет білдірген. Оның 47-сі жоғары оқу орнында оқуға білім грантын жеңіп алса, 15-і ақпалы жоғары оқу орнына, 3-еуі арнаулы оқу орнына грантқа түскен. Сондай-ақ 3 оқушы «Үздік аттестат», 5 оқушы «Алтын белгі» иегері атанған.

Былырғы оқу жылын бұл мектеп үшін жемісті жыл болды десек, қателеспейміз. Себебі мұндағы 15 оқушы облыстық пәндік олимпиадаға қатысып, 10 оқушы жеңіс тұғырынан көрінген. Ал ауыл мектептеріне арналған республикалық пәндік олимпиаданың облыстық кезеңінде 14 оқушы жүлделі орын иеленіп, республикалық кезеңге 8 оқушы жолдама алған. Нәтижесінде оқушылар екі алтын, екі күміс, төрт қола жүлдемен оралған.

Білім ошағы республикалық кезең қорытындысымен «Ең үздік ауыл мектебі – 2025» атағын қатарынан екі жыл иеленген, яғни 2023-2024 оқу жылында да мұндағы білім алушылар үздіктер қатарынан көрініп, елімізде алғаш рет өткен ауыл мектептеріне арналған олимпиаданың республикалық кезеңінде 4 алтын, 1 күміс, 1 қола жүлде иеленіп, әл-Фараби атындағы №201 мектеп-лицейі республика бойынша үздік 10 мектептің құрамына еніп, ҚР Оқу-ағарту министрлігінің «Ең үздік ауыл мектебі» атағымен марапатталған. Сондай-ақ облыста өткен тамыз конференциясында да дәл осы мектеп «Үздік мектеп» грантын жеңіп алып, 34 млн теңгенің сертификатын иеленген.

Оқушылардың жазғы тынығуын тиімді ұйымдастыру мақсатында міндетті оқу қоры есебінен кенттегі «Ақтөрек» сауықтыру лагеріне 30, Шымкент қаласындағы «Қуаныш» лагеріне 5, Алматы қаласындағы «Тау-жанашары» лагерінде 3 оқушы демалып қайтты. Ал дәстүрлі түрде өтетін «Мектепке жол» акциясы аясында биыл 72 оқушы қамтылған. Оның 7-еуі кәсіподақ ұйымының, 30-ы ерікті демеушілікпен, және 12 оқушы «Аманат» партиясының демеушілігімен, 23 оқушы мектеп ұжымының демеушілігімен киім-кешек, оқу құралымен қамтамасыз етілген.

Былырғы оқу жылы қарсаңында «Қазақстан халқына» қоры есебінен іргелі білім ордасына 250 млн теңге бөлініп, оқу кабинеттер мен зертханалар жаңадан жабдықталды. Айта кетейік, «Қазақстан халқына» ұлттық қорынан бөлінген қаржыға мектеп-лицейдің 21 пәндік кабинет, 56 моноблок, 18 интерактивті панель, заманауи кітапхана, спорт зал, коворкинг аймағы, арт студия, қыш студия, телестудия, робототехника және STEM зертханалары, шахмат кабинеттері толық жабдықталды. Барлық оқу кабинеті жаңа құрал-жабдықтармен және жиһаздармен қамтылған.

– Баршаңызды білім күні мереkesімен құттықтаймын! «Халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін – білім» деп ұлы жазушы М.Әуезов айтқанда, тәуелсіз мемлекетімізді өркендетке жетелейтін жолдың бастауы – мектеп. Болашақтың кілті білімді ұрпақтың қолында. Жас ұрпақтың тәрбиесінде ата-ананың берген тәрбиесімен қатар ұстаздың біліктілігі, білімі, жауапкершілік қасиеттері ерекше орын алады. Себебі ізгі қасиеттер ата-анадан қан арқылы дарыса, ұстаздан тәлім арқылы жүғады. «Өмірде өлшенбейтін іс – балаға берген білімін, мейірімін, қамқор пейілін» дейді. Осындай мәңгілік борышты ауырсынбай өзінің азаматтық парыз деп түсінген ұстаз деген ұлы өсіміңң алдында мәңгілік қарыздармыз. Мектеп табалдырығын аттаған бүлдіршіндердің қадамы құтты болсын. Балаларға сапалы білім беру жолында еңбек етіп жатқан барша ұстаздың жұмысы жемісті, шәкірттері сенімін ақтап, білім бәйгелеріндегі қадамы сәтті болсын, – деді Күміскүл Иманқалиева.

Қазіргі таңда Айнұр Айбосынова басшылық ететін білім ордасы 1988 жылы 1070 оқушыға лайықтап салынып, 2021 жылы Әбу Насыр әл-Фараби есімімен аталған. Бүгінде 40 жылға жуық тарихы бар мектеп-лицейде 152 ұстаз еліміздің келешегін қалыптастыру жолында тынымсыз еңбек етіп келеді. Мектеп қазіргі заман талабына сай материалдық-техникалық базамең, заманауи кабинеттермен қамтамасыз етіліп, ер пәнді терең үйртеуге мүмкіндік беретін оқу белмелері қажетті құрал-жабдықпен жарақталған.

Айта кетейік, аталған білім ордасынан былытр 932 бала білім алса, биыл 960 оқушы білім нәрімен сусындамақ. Оның 144-і – мектеп табалдырығын алғаш аттаған бүлдіршін. Оларға 30 жылдан астам тәжірибесі бар білікті мамандар жетекшілік етеді. Мұнан бөлек былытр 94, ал биыл 91 бала мектепалды даярлық тобына қабылданған. Сондай-ақ көлер жылы 73 оқушы алтын уя мектебімен қоштасады. Оның 5-еуі «Алтын белгіге» үміткер болса, 3-еуі «Үздік аттестатқа» үміткер.

Жаңа оқу жылындағы құттықтаулардан кейін мектеп табалдырығын алғаш аттаған бүлдіршіндер өлең шумақтарын оқып, шара соңы мектеп көптен күткен алғашқы қоңыраудың үнімен қорытындыланды.

Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:

Бас директор - 8(7242) 70-00-36

Бас редактор - 32-0-41

Бас редактордың орынбасары,

жауапты хатшы,

бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

Жеке авторлардың пікірі редакцияның

түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 87242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2763 Тапсырыс №1468